

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының  
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық онкологиялық орталық»  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (ары қарай – Кәсіпорын)  
Байқау кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№01/24

«26» наурыз 2024 жыл

**Орналасқан орны:** Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ «Қалалық онкологиялық орталық» МКК, Шымкент қ. Әл-Фараби ауданы, А.Байтұрсынов көшесі, 85А ғимараты.

**Отырысты ашу уақыты және өткізу орны:** Шымкент қ. Абай ауданы, Республика даңғылы, 12А ғимараты, 9-қабат, сағат 16:00 – де.

**Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері қатысты(бұдан әрі - Байқау кеңесі).**

**Байқау кеңесінің төрағасы қатысты:**

Ахметов Ералы Есенгельдиевич – «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» РМКА Шымкент қалалық филиалының директоры.

**Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері қатысты(бұдан әрі - Байқау кеңесі).**

Нуртаева Злика Набиевна – Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіру бөлімінің басшысы.

Қыдырбай Мейіржан Нұрланбекұлы – Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының бас маманы.

**Кворум туралы ақпарат: Шешім қабылдау үшін кворум бар**

**Байқау кеңесінің хатшысы:** Умирбеков Бекзат Акилбаевич

**Шақырылған тұлғалар:**

Кәсіпорын директоры Ж.О. Мауленов

Кәсіпорын директордың орынбасары Р.И. Асабаева

Бас есепші Ә.М. Иса

Бас экономист Е.К. Шаменова

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының "Қалалық

- онкологиялық орталығы" ШЖҚ МКК басшысының 2023 жылға арналған есебін мақылдау туралы.
2. Шымкент қ.ДСБ "Қалалық онкологиялық орталығы" ШЖҚ қаржылық есептілігіне тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебіне келісім беру туралы.
  3. Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталық" МКК пациенттерінің сапасы мен қауіпсіздігін үздіксіз арттыру жөніндегі 2023 жылға арналған есепті бекіту туралы.
  4. Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталық" МКК «Сапа менеджменті және пациенттердің қауіпсіздігі» атты құрылымдық бөлімшесін ашу туралы.

**Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөз сөйледі Ж.О. Мауленов**

2023 жылдың жылдық индикаторлар бойынша Қалалық онкологиялық орталық бойынша жалпы төсек саны 291 туәліктік 261 орталықта 2019 жылдан бері 5 жылдықта 6384 учеттағы науқастардың 7696-ға дейін өсіп отырғанын баяндап.

Қала бойынша бірінші деңгейлік емхана саны 53 оның ішінде 23 онкологиялық бөлмесі бар және 34 қарау кабинеттері бар онкологиялық ем алатын. 2022 жылы орталықта 12550 жағдайда емделген болса, 2023 жылы 16371 емдеп шығарылды. Индикаторлардың барлығы толығымен орындалғанын жайлы айтып өтіп, дүние жүзілік үзіліске байланысты өлім жетім өсіп жатыр соңығы 4 жылда, Орталықта соңғы 5 жылда бір деңгейде тұрғанын хабарлады.

Структураға келетін болса, аурау шағындықта және өлім жетім бойынша көп науқастар қайтыс болған, және де өлім жетімнің 0,6 пайызға өскен себебі бюра национальный статистика бойынша анализ жасалынып 8 науқасты дұрыс алынбағыны туралы анықталып ол жайлы Республикалық деңгейді баяндалғанын баяндады.

**Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөз сөйледі Е.Е. Ахметов**

Баяндама бойынша мақулдап жылдық қаржылық өндірістер және табыс көрсеткіштер бойынша толықтырмалап баяндауды сұрап, ПМСП бойынша көтеру туралы жұмыс атқару керектігін айтты.

Дәрі-дәрмектер бойынша сүт безі қатерлі ісігіне қатысты Бюджет қаражатын дәрілік терапия түрлері және кейбір нозологиялар бойынша 2022 жылмен 2023 жылға салыстырмалы көрсеткіші көп болуы жаңа дәрі-дәрмектердің көбейуіне байланысты емдеу хаттамаларына енгізіліп болған жайлы баяндады.

Кредиторлық берекшелік болмауы туралы және жаңа медициналық жабдықтармен жаңартырылғаны туралы айтып, 889 494 000 теңге, табыспен шықанын хабарлады.

Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталық" МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) өзінің күнделікті қызметінде көрсетілетін қызметтердің сапасын үздіксіз жақсартуға және пациенттің қауіпсіздігін арттыруға басымдық береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық аккредиттеу және ұйым басшылығының шешімі бойынша сапаны жақсартуға бағытталған басқа да танылған бағдарламалардың талаптарын қанағаттандыру үшін барлық күш-жігерін жұмсағанын айтып өтіп, 2024 жылдың мамыр айында жоспарлап отырғанын айтып, барлық индикаторлар толығымен орындалғанын баяндады.

Осыған орай, Байқау кеңесінің кезекті отырысының күн Кәсіпорынның тәртібіне 2023 жылғы есебін орындау жөніндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыру туралы енгізуді ұсынамын.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 149 - бабы 1-тармағы екінші бөлігінің 4) тармақшасына және Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталық" МКК (бұдан әрі- Кәсіпорын) Жарғысына сәйкес, Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

Кәсіпорын директорының баяндамасы негізінде дауыс беру мәселесі шығарылды Кәсіпорынның 2023 жылғы қызметін, осы хаттаманың 1-ші қосымшасына сәйкес оң деп мақұлданды.

**Дауыс беру қорытындылары:**

**ҚОЛДАУ** - 3 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н.,

**ҚАРСЫ** - 0 дауыс

**ҚАЛЫС ҚАЛДЫ** (ерекше пікір) – 0 дауыс

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** 3 дауыспен.

**Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз сөйледі Ә.М. Иса**

Тәуелсіз аудитордың ұсынылған аудиторлық қорытындысында қамтылған тәуелсіз аудитордың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуы тиіс төмендегі мәлімдеме 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін" Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталығы (бұдан әрі- "Кәсіпорын") МКК-ның қаржылық есептілігіне қатысты аудитор мен басшылықтың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен есептілік саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаржылық жай-күйін, қызметінің нәтижелерін, осы күнгі ақша қаражатының қозғалысын барлық елеулі аспектілерде дұрыс көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауап береді.

Кәсіпорынның қаржылық есептілігіне жиынтық кіріс туралы есеп, қаржылық жағдай туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға капиталдың өзгеруі туралы есеп, сондай-ақ қаржылық есептілікке ескертулер кіреді.

Яғни, Қалалық онкологиялық орталықта 2023 жыл кезеңге 889 млн табыс табылған туралы айтып, Астана Банктен құралған кредиторлық қарыз жақтығын айтты.

2023 жылда операциялық қызметтер арқасынан шамамен 1 млрд қаржы табыс алып келгенін баяндап, негізгі құрал суммасы 450 млн көбейгені туралы айтып өтті.

Сонымен қатар, 2023 жылға арналған аудитоорлық есепті мемлекеттік сатып алу бойынша тендерлік әдіспен беріліп, оны 250 000 теңгеге ұтып алғанын айтты. Қазіргі таң, кірістер мен шығындар туралы есеп Кәсіпорының көрсеткіш тәрімен сәйкес келмейтінін баяндады.

#### **Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша сөз сөйледі З.Н. Нуртаева**

Даму жоспары бойынша болжамды нақтылау үшін 8млн көрсеткіш арасындағы сумма қаншаға табысты болған туралы нақтылап беруді ұсынды.

#### **Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөз сөйледі Е.Е. Ахметов**

Есепті кезең 2023 жылға, кірістер мен шығындардың суммасын жалпы нақты белгілену мақсатында, қайта пысықтап қарауды ұсынып, келесі Байқау кеңесінің күн тәртібінде қайта қарау керектігін ұсынды.

Кәсіпорынның 2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі және оған түсіндірме жазба, кәсіпорын басшылығына хат материалдарда қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 149-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және кәсіпорын Жарғысының 25-тармағының 2) тармақшасына сәйкес байқау кеңесінің өкілеттіктеріне шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту жатады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде байқау кеңесіне кәсіпорынның 2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы мәселені қарау және қоса беріліп отырған жобаға сәйкес шешім қабылдау үшін қайта пысықтап қарауды ұсынып, келесі Байқау кеңесінің күн тәртібінде қайта қарау ұсынылды.

2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін белгіленген тәртіппен келісу үшін Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы мәселені қарау және қоса беріліп отырған жобаға сәйкес шешім қабылдау үшін дұрыстығын пысықтап қарап, келесі Байқау кеңесінің күн

тәртібінде қайта қаралсын.

**Дауыс беру қорытындылары:**

**ҚОЛДАУ** - 3 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н.,

**ҚАРСЫ** - 0 дауыс

**ҚАЛЫС ҚАЛДЫ** (ерекше пікір) – 0 дауыс

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** 3 дауыспен.

**Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша Р.И. Асабаева**

Пациенттердің сапасы мен қауіпсіздігін басқару бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) – "қалалық онкологиялық орталық" ШЖҚ МКК – де (бұдан әрі – Орталық) Медициналық және медициналық емес қызметтер көрсетудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру және сапасын бақылау үшін әзірленген құжат. 2023 жылға арналған бағдарлама қайта қаралып, Бақылау кеңесінің 2023 жылғы 09 ақпандағы шешімімен бекітілді. Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері бағдарламаның мазмұнымен танысты.

Пациенттердің сапасы мен қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі құрамдас бағдарламалар:

Жалпы ауруханалық және ерекше сапа индикаторлары; Оқиғалар; Төтенше оқиғалар; Медициналық құжаттаманы жүргізу аудиті; Азаматтардың өтініштері (шағымдар/алғыс); Тәуекелдер бойынша есеп беру; Мониторинг, бағдарламаның орындалуын талдау.

Медициналық қызметтердің сапасын бағалаудың ішкі индикаторларын орындау туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығымен бекітілген медициналық қызметтер сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес. Орталық индикаторлардың жетістіктеріне талдау жүргізеді, сонымен қатар орталықта медициналық қызметтер сапасы мен пациенттердің қауіпсіздігін арттырудың басым индикаторлары мониторингтеледі. 2023 жылға әкімшілік және клиникалық салалардағы, оның ішінде құрылымдық бөлімшелердегі басым индикаторлардың тізбесі индикатордың атауын, есептеу формуласын және қажетті шекті мәндерді көрсете отырып, Орталықтың директоры қайта қарады және бекітті. Индикаторларды әзірлеуге құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілері мен аға медбикелері қатысты.

### **Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша сөз сөйледі Е.Е. Ахметов**

Қайта талдау болдырмау мақсатында оқиға фактісі бойынша қорытынды қалай жасалатынын және қандай тәсілмен әрекеті (әрекетсіздігі) үшін, қандай шара қолданатынын сұрады.

Басымдықтар көп болмауы керек, бірақ оларды сәтті жүзеге асырған кезде олар бүкіл ұйымның тиімді жұмысын қамтамасыз етуі керек екендігін баяндап өтті.

Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі есеп.

Орталықтың тәуекелдер тізілімі 2023 жылдың қаңтарында құрылымдық бөлімшелермен талқыланғаннан және келісілгеннен кейін бекітілді. 2023 жылғы инциденттерді талдау, сондай-ақ басым жалпы аурухана индикаторларын орындау қорытындылары бойынша болжамды тәуекелдер тіркелімі жасалды. 2023 жылдың 12 айында тәуекелдердің жалпы саны 21 құрады. Тәуекелдерді бағалау 2023 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша іске асырылған проблемаларға сүйене отырып жүргізілді. Қызыл аймақта 2 қауіп пайда болды- бұл пациенттің деректерін ЭРОБ пен КМИС-ке дұрыс енгізу және пациентті анықтау. Сары аймақта 3 қауіп пайда болды – бұл пациенттің жаракат алу қаупі, бал жабдығының тоқтап қалуы және анестезиялық-тыныс алу аппаратурасының істен шығуы. Қалған 16 қауіп жасыл аймақта болды. Қызыл және сары аймақтың тәуекелдері бойынша тәуекелдерді бақылау және азайту бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Орындалғаны туралы растайтын құжаттары бар іс-шаралар жоспары есепке қоса берілгені баяндады.

Жоғарыда көрсетілген бойынша баяндама негізінде Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталық" МКК пациенттерінің сапасы мен қауіпсіздігін үздіксіз арттыру жөніндегі 2023 жылға арналған есепті бекіту ұсынылды.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 149-бабы 1-тармағының екінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес және Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Қалалық онкологиялық орталық» МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын) Жарғысына сәйкес, пациенттерінің сапасы мен қауіпсіздігін үздіксіз арттыру жөніндегі бойынша Байқау кеңесі **ШЕШТІ**:

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталық" МКК пациенттерінің сапасы мен қауіпсіздігін үздіксіз арттыру жөніндегі 2023 жылға арналған есеп, осы хаттаманың 2-ші қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Дауыс беру қорытындылары:**

**ҚОЛДАУ** - 3 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н.,

**ҚАРСЫ** - 0 дауыс  
**ҚАЛЫС ҚАЛДЫ** (ерекше пікір) – 0 дауыс  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** 3 дауыспен.

**Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша Р.И. Асабаева**

Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «Қалалық онкологиялық орталық» МКК (әрі қарай - Орталық) медициналық қызметтің сапасы мен пациенттердің қауіпсіздігін үздіксіз арттыру жөніндегі бағдарламаны орындау үшін Байқау кеңесінің 2023 жылғы 14 ақпандағы № 01/23 хаттамасымен медициналық қызметтердің сапасын бақылау бойынша тиімді жұмыстың маңызды мәселесіне қатысты, Орталық директорының 2023 жылдың 19 желтоқсанындағы № 129-н/к бұйрығы негізінде «Сапа менеджменті және пациенттердің қауіпсіздігі бөлімін» ашылуын қарау және талқылау үшін жұмыс тобы төмендегі тізімде құрылғанын айтты.

«Сапа менеджменті және пациенттердің қауіпсіздігі бөлімін» құрылымдық бөлімшесін ашу мәселесі талқыланып. Жұмыс тобының мүшелері орталықтың медициналық қызметтерінің сапасын бақылау бойынша тиімді жұмыс істеу үшін осы бөлімді ашу қажет деп санайды. Сондай ақ жұмыс тобы бөлімді ашудың ықтимал нұсқаларын қарастырып не қажет деген пікірге келіп, орталықтың штаттық кестесін қайта қарау мен бөлімнің рөлі мен жұмысына қатысты бірқатар нақты ұсыныстар берілген туралы айтты.

**Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша сөз сөйледі Е.Е. Ахметов**

«Сапа менеджменті және пациенттердің қауіпсіздігі бөлімін» құрылымдық бөлімшесін ашу мәселесін қолдап, ол Кәсіпорынға үлкен үлес қосатынын айтып өтті. Сонымен қатар, нормативті индикаторларды талдауға жақсы көмек беретінін айтып, қанша медициналық мамандар қызмет ететінін олардың біліктілігін нақтылап беруін ұсынды.

Қалалық онкология орталығында «Сапа менеджменті және пациенттердің қауіпсіздігі» бөлімі ашылсын. Бөлімнің құрамы төмендегі тізімге сәйкес бекітілуі тиіс: 3 сарапшы (Емдеу ісі/Жалпы медицина мамандығының иегерлері), 2 медициналық менеджер (Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығының иегерлері) болатынын баяндалды.

**Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша сөз сөйледі Э.К. Шаменова**

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталығы" МКК ұйымдық құрылымы мен штат саны бойынша штат санының ішіндегі бос лауазымдыларды (вакансия) алынған өзінде қосымша төсек орындар және оңалту бөлімі ашылатынын хабаралап. Штат саны бойынша қосымша штат бірлігін алуға ұсыныс беруге рұқсат сұрады.

**Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша сөз сөйледі З.Н. Нуртаева**

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталығы" МКК ұйымдық құрылымы мен штат санына қосымша штат бірлігін қосу бойынша талаптарға сай, нормативтік нормаларға сәйкес дәлелдемелерді пысықтап қарауды ұсынды.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстар бойынша бос лауазым орындарына «Сапа менеджменті және пациенттердің қауіпсіздігі» бөлімі кіргізу туралы және қосымша штат бірлігін енгізуге әр бөлімге тоқталып, дәлелдемен жазба пікірлер ұсына отырып, келесі Байқау кеңесінде пысықтап қарау ұсынылды.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 149-бабы 1-тармағының екінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес және Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Қалалық онкологиялық орталық» МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын) Жарғысына сәйкес, сұрақты қарастыру қорытындылары бойынша Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ "Қалалық онкологиялық орталығы" МКК ұйымдық құрылымы мен штат санына қосымша штат бірлігін қосу бойынша әр бөлімге тоқталып, дәлелдемен жазба пікірлер ұсына отырып, келесі Байқау кеңесінде пысықтап қарау ұсынылсын.

**Дауыс беру қорытындылары:**

**ҚОЛДАУ** - 3 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н.),

**ҚАРСЫ** - 0 дауыс


**ҚАЛЫС ҚАЛДЫ** (ерекше пікір) – 0 дауыс

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** 3 дауыспен.

*Отырыстың жабылу уақыты: 17:25*

Байқау кеңесінің төрағасы



  
Е.Е. Ахметов

Байқау кеңесінің мүшелері:

  
З.Н. Нуртаева

  
М.Н. Қыдырбай

Байқау кеңесінің хатшысы

  
Б.А. Умирбеков